




ЖУЗДЕСУ



Көктем Әули





ЖУЗДЕСУ

Көкнем 271



АЗЕРБАЙЖАН СОВЕТ
АҚЫНДАРЫНЫҢ БАЛАЛАРГА
АРНАЛҒАН ӨЛЕҢДЕРІ

АЛМАТАЫ — 1987

жалын



F. Kōçərli adına
Respublikā Uşaq
KİTABXANASI
666 2

84(5)Age
K89

84 Аз 7—5
К 67

Құрастырған — Тоғик Махмуд

Пікір жазғандар —
Дүйсенбек Қанатбаев пен Серік Сатанов

К 67 Көктем гүлі: Азербайжан совет ақындарының балаларға арналған өлеңдері (Құраст. Т. Махмуд.— Алматы: Жалын,—152 бет.)


«Жүздесу» сериясының кезекті бұл жинағына азербайжан совет ақындарының балаларға арналған таңдаулы өлеңдерінің басы біріктіліп отыр.

Жинақ жас оқырманды азербайжан еліне саяхатқа шакырады, мұнайлы Баку мен шағалалы Қаспийдің әсем табигатымен таныстырады. Жыр тілінде азербайжан балаларының көnlілді ойыны, қызықты әмірі сыр шертеді.

Б $\frac{4803010000-48}{408(05)87}$ 142—87

84 Аз 7—5

© Қазақша аудармасы, «Жалын» баспасы — 1987



Тоғик Агаев

тында, тында

Дүние жым-жырт,
Ың-шыңсыз,
Тоқылдақ та
Үн-түнсіз.
Сонда кім бұл
Соншалық,
Тұрган зың-зың
Ән салып.

Дүние жым-жырт,
Ың-шыңсыз,

Рафик Юсифоглы

Сумгаит туралы ертегі

— Ертегі айтшы аздаған,
Ешкім бұрын жазбаған,—
Дейді ұлым өтініп,—
Қоспа бірақ өтірік!..
Қабыл алып тілегін,
Тысқа қарап тұр едім,
Келді ойыма ертегі:
«Ерте, ерте, ерте еді...
Бұрын осы қалада
Жоқ еді бір бала да,
Жоқ болатын көше де,
Зәулім үйлер нешеме.
Жел суырған құм ғана
Көшетұғын мұнда да.
Құла тұз-тін айналаң,
Гүлі де жоқ жайнаған...
Өрімдей жас тәтелер,
Өрімдей жас көкелер
Ертіп келіп достарын,
Қосты осында бастарын.
Оятып тау, шатқалды,
Екі жасыл бақтарды.
Далаға да жан кіріп,
Шыға келді жаңғырып.
Сосын көктем көрікті
Құстарын ап келіпті.
Құстар бақта

Аймақты
Әнге бөлеп сайрапты.
Өрімдей жас тәтелер,
Өрімдей жас көкелер
Тұн дегенді білмепті,
Еңбекпенен күн де өтті.
Өрімдей жас тәтелер,
Өрімдей жас көкелер
Омырауы медальді
Еңбек Ері боп алды.
Асад ата — біреуі,
Аслан ата — біреуі,
Замина әже — біреуі,
Гюлбахар қарт — біреуі.
Күннен- күнгө қаламыз
Көркейіп, шат боламыз.
Сендер-дағы, бөбегім,
Жайған бақтай желегін
Тезірек ер жетіндер,
Жігіт болып кетіндер.
Қызықтырақ ертеңі
Бітпесін бұл ертегі!»

